**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпараттық стендтерді жаңарту туралы мәлімет**

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Осы мақсатта мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында стендтер қойылып, мектепішілік бұйрықтар шығып, әр мұғалімді жекелей таныстырып, қол қойдыру және мектеп директоры Г.Н.Сундетов ұстаздарды мектепішілік қаулымен таныстырды. Жоғарыда айтылған мәселелер бойынша жиналыс соңында ұжымнан сыбайлас жемқорлық туралы танысқандығын растап, тізімге қол қойып шықты.













Кәсіподақ төрайымы Менлибекова А.А.

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп**
**“Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!” тақырыбында 5 - 11 сынып оқушылармен өткізілген сынып сағатының анықтамасы**

2025 жылдың қаңтар айында мектебімізде 5 - 11 сыныптарында “Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!” тақырыбында бірлескен біріңғай сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбилеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру.

Мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатан «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылған. Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізу бағытында жұмыстарды атқаруда. Сынып жетекшілері оқушыларды адалдық пен парасаттылыққа, әділдік пен шыншылдыққа тәрбиелеу мақсатында ата - аналардың қатысуымен таныстырылымдар жасады. Оқушылар сынып сағатына белсенді қатысып, сыбайлас жемқорлықтың шығу тарихымен танысып, өз ойларымен бөлісті.










**Біз жемқорлыққа қарсымыз!!!**

Кәсіподақ төрайымы Менлибекова А.А.

**Астана қаласы "Мәшһүр Жүсіп" атындағы №57 орта мектеп қызметкерлері мен мұғалімдерді сыбайлас жемқорлық және еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігіне байланысты ережелерімен таныстыру туралы өткізілген жиналыстың анықтамасы.**

2024-2025 оқу жылдың 29 тамыз күні №1 педагогикалық кеңесте мектеп ұжымымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртіп ережелері туралы жиналыс өтті. Жиналыс барысында мектеп директоры Г.Н.Сундетов пен кәсіподақ төрайымы А.А.Менлибекова ешқандай ата-аналардан және оқушылардан ақша жинамау, пара алмау, бағалы сыйлық алмау, гүлге ақша жинамау, сынып жетекшілерге оқушылардан ақша жинамау т.б. туралы және де мұғалімдердің жұмысқа уқытылы келуі, жұмыстан себепсіз қалмауы, себепті жағдайларды міндетті түрде мектеп басшысы, кәсіподақ төрайымы және директордың оқу ісінің меңгерушілеріне ескерту. Мұғалімнің сырттқы келбеті мен сөйлеуі, жүріс-тұрысы, сабақтарына жүйелі әрі сапалы түрде дайындалу, оқушыларға қол жұмсамау, кемсітпеу, оқушыны жазаламау және намысына тиетін сөздер айтпау туралы айтылып таныстырылды. Мектептерде ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы ескертілді. Мектептің бірінші қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз екертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы "Сенім жәшігі" ілінгені туралы сынып жетекшілерге және пән мұғалімдеріне айтылды. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп басшысы, кәсіподақ төрайымы, мектеп әкімшілігі және мектеп психологтарының қатысуымен қаралады. Сонымен қатар, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары Р.Т.Кубелекова еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі және ішкі еңбек тәртіп туралы ережелері таныстырылып талапқа сай орындалуы да ескертілді. Мектеп ұжымы еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігі туралы арнайы журналға танысқаны туралы қол қойды. Алдағы уақытта түсіндірме жұмыстарын және алдын алу шаралары уақытылы жүргізіліп, қадағаланып отыратыны айтылды.

**Кәсіподақ ұйымының төраймы** **Менлибекова А.А.**

**Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске байланысты мұғалімдерге өткізілген жиналыс пен баяндаманың анықтамасы**

2025 жылы наурыз айында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізу-баршамызға ортақ міндет» тақырыбында мектебімізде өндірістік жиналыс болып өтті. Онда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүргізу– баршамызға ортақ міндет» тақырыбы қозғалды. Мектеп директоры Г.Н.Сундетов педагогикалық әдеп, сыбайлас жемқорлық туралы және жалпы ережелері туралы айтып мағлұмат берді. Ешқандай ата - аналардан және оқушыдан ақша жинамау, пара алмау, бағалы сыйлықтар *(мереке күндері мұғалімдер күні, жаңа жыл, 8 наурыз, 7 мамыр және 4, 9, 11 бастауыш, негізгі орта бітіруші және жалпы бітіруші сыныптардан)* алмау, гүлге ақша жинамау, сыныптың жөндеу жұмыстарын жүргізуге, сынып қорына, кеңсе тауарларын талап етуге, сынып жетекшілерге оқушылардан ақша жинамау туралы және де мұғалімдердің жұмысқа уақытылы келуі, жұмыстың ішкі тәртібін сақтау, жұмыстан себепсіз қалмауы, себепті жағдайларды дер кезінде ескерту, мұғалімнің сыртқы келбеті мен сөйлеуі, жүріс-тұрысы, сабақтарына жүйелі әрі сапалы түрде дайындалу, оқушыларға қол жұмсамау, кемсітпеу, оқушының намысына тиетін сөздер айтпау туралы айтылып таныстырылды. Мектепте ата-аналардан ақша жинауға тыйым салынғаны туралы жалпы ата-аналар жиналыстарында ескертілді. Мектептің 1-қабатында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында оқушылар мен ата-аналарға арналған мектептегі теріс әрекеттер, ұрлау және күшпен ақша алу жағдайларын кездестіру кезінде оқушылар өз ескертулерін жасап, өтініштерін хат жазу арқылы білдіретін арнайы «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» ілінген. Бұл жәшікке келіп түскен өтініштер мен хаттар апта соңында мектеп басшысының қатысуымен алынып, жұмыс жүрізіліп, қаралатыны және сенім телефондары жазылып, көрсетілген туралы айтылды. Жиналыс соңында жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы “Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!” тақырыбында баяндама оқылды.

Кәсіподақ төрайымы Менлибекова А.А.

**Астана қаласы "Мәшһүр Жүсіп" атындағы № 57 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі педагогикалық ұжымның арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алуға байланысты сенім телефондары мен сенім жәшігі туралы ақпарат беру анықтамасы**

2024-2025 оқу жылында жалпы педагогикалық ұжыммен, 5-11 сынып оқушылармен әр сыныпқа ювеналды полиция өкілімен жасөспірімдердің арасындағы суицидтік мінез-құлықтың және құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты сенім телефондары мен сенім жәшігі туралы оқушыларға ақпарт пен сілтеме арқылы өмірді бағалау, қиын сәттерде шешім қабылдай білу, көмекті қайдан сұрау, мектеп психологтарына жүгіну туралы ақпараттар берілді.

**Мақсаты:** оқушыларды жан сақтау орталықтарының байланыс нөмерлерімен ақпараттандыру және өмірді сүюге тәрбиелеу. рейд жұмысына ДТІЖО Аманкулова Маржан Абдукаримовна, полиция өкілі Абдигалиева Айнур Ериковна, мектеп психологтары Менлибекова Акмарал Абдуманаповна, Молдагалиева Алмаш Сапаргалиевна, әлеуметтік педагогтер Молбаева Гулбану Кенжабековна, Абилова Гулсая Алдажаровна қатысты. Оқушыларға "Көмекті қалай сұрау керек?" тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен әңгімелесу өткізіліп, сенім телефондарымен таныстырылып, егер қажеттілік туындаған жағдайда көмекке жүгіну керектігі туралы да сөз қозғалды. Мектептің ақпарат тақтасында қажетті мәліметтер жазылғаны туралы және Сенім телефондары 150, 111, QR арқылы хабарласу, көмек алу туралы айтылды.












Кәсіподақ төрайымы Менлибекова А.А.